

РЕСМИ АҚПАРАТ

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ»

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9-бабының 1-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.

Сонымен қатар, аталған баптың 2-тармағына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай, Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңды тұрақты түрде зерделеу және жұмыс барысында қолдану қажеттігі керек екенін ескерген жөн.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі

шаралар туралы» жарлығының (бұдан әрі – жарлық) 2-тармағына сәйкес мінез-құлықтың жалпы стандарттарын мемлекеттік қызметшілер сақтауға тиіс.

Сонымен қатар, жарлықтың 3-тармағына сәйкес Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге;

2) қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге тиіс.

Қордай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

КӨЛІКТІ АЛКОГОЛЬДІК МАСАҢ КҮЙІНДЕ БАСҚАРҒАНЫ ҮШІН ЖАЗАЛАНДЫ



Қордай аудандық сотымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608 бабы, 6 бөлігімен (Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру) құқық бұзушылық жасаған азаматша Ш.-ға қатысты әкімшілік іс қаралды.

Әкімшілік іс материалдарына сәйкес азаматша Ш. 2025 жылдың 8 қаңтары күні сағат 23:35 шамасында Қордай ауылының Орталық көшесінің бойында «MAZDA 323» маркалы автокөлігін алкогольдік масаң күйде басқарған.

Сотта құқықбұзушы Ш. өзінің кінәсін толық мойындап, автокөлікті сатып алғанына үш ай болғанын әлі жүргізу куәлігін алмағанын, 2025 жылы 8 қаңтар күні үйінде 1-2 шөлмек сыра ішіп автокөлікті басқарғанын және қарамағында көмелет жасына толмаған үш балалары бар екенін, өзі жалғыз асыраушы екенін айтып, істеген ісіне өкініш білдірген.

Мұндай жағдайда, сот азаматша Ш. қатысты ҚР ӘҚБТК-нің 608-бабының 6-бөлігінде көзделген құқық бұзушылықты жасаған әрекетін ҚР ӘҚБТК-нің 608 -бабының 8 бөлігіне саралауды дұрыс деп тапты.

Сот қаулысымен құқық бұзушы Ш.-ға ҚР ӘҚБТК-нің 608 бабының 8 бөлігімен кінәлі деп танылып, оған жаза ретінде 786 400 (жеті жүз сексен алты мың төрт жүз) теңге айыппұл салу түріндегі жаза тағайындалды.

Қаулы заңды күшіне енген.

Қордай аудандық сотының баспасөз қызметі



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ .»Жамбыл облысы Қордай ауданы Сартөбе ауылында биотермиялық шұңқыр салу» жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2025 жылғы 13 наурызында сағат 10:00-де Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Сортөбе а.о., а. Сортөбе, Алтын Орда көшесі, 182 ғимарат, мекенжайында өтеді: Zoom сілтемесі:

<https://meet.qosyl.kz/meeting?room=961144594750>
Кездесу идентификаторы: 961-144-594-750
Әсер ету аумағы:

42°87'55.87»С, 75°30'55.24»В
42°87'55.03»С, 75°30'55.18»В
42°87'54.91»С, 75°30'57.98»В
42°87'56.55»С, 75°30'57.95»В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган және адамның байланыс деректері - «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»КММ. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы upr.taraz@zhambyl.gov.kz сондай-ақ Ресми сайт <https://ecorportal.kz> /жоба бойынша құжаттама <https://ecorportal.kz/> Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ.БСН: 060240005523, мекенжайы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а.о., Қордай а., Өтеген к-сі 121б. телефон нөмірі 8-726-364-9280. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және кантәкілік деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел. 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru

«Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ II санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша келесі жұмыс жобаларын бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

1. «Жамбыл облысы Қордай ауданы Сортөбе ауылында биотермиялық шұңқыр салу»

Тыңдау 2025 жылғы 13 наурыз сағат 11:00-де , Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Сортөбе а.о., а. Сортөбе, Алтын Орда көшесі, 182 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.сылқа Zoom: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=965476167671>

Кездесу идентификаторы: 965-476-167-671.

Әсер ету аумағы:

42°87'55.87»С, 75°30'55.24»В
42°87'55.03»С, 75°30'55.18»В
42°87'54.91»С, 75°30'57.98»В
42°87'56.55»С, 75°30'57.95»В

2. «Жамбыл облысы Қордай ауданы Ауқатты ауылында биотермиялық шұңқыр салу»

Тыңдау 2025 жылғы 13 наурыз сағат 15:00-де, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Ауқатты а.о., Ауқатты а., Наурыз тұйығы 2а үй мекенжайы бойынша өтеді.сылқа Zoom: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=928200042307>

Кездесу идентификаторы: 928-200-042-307.

Әсер ету аумағы:

42°92'00.06»С, 75°12'22.31»В
42°91'98.47»С, 75°12'21.99»В
42°91'98.70»С, 75°12'24.34»В
42°92'00.63»С, 75°12'24.88»В

3. «Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылында биотермиялық шұңқыр салу»

Тыңдау 2025 жылғы 14 наурыз сағат 11:00-де , Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а.о., Қордай а., Төле би көшесі, 53 үй мекенжайы бойынша өтеді. сылқа Zoom: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=951692760716>

Кездесу идентификаторы: 951-692-760-716.

Әсер ету аумағы:

43°02'45.74»С, 74°80'68.87»В
43°02'40.47»С, 74°80'67.79»В
43°02'40.47»С, 74°80'76.09»В
43°02'46.14»С, 74°80'76.09»В

4. «Жамбыл облысы Қордай ауданы Алға ауылында биотермиялық шұңқыр салу»

Тыңдау 2025 жылғы 14 наурыз сағат 15:00-де , Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Алға а.о., Алға А., Желеу Алдабергенов көшесі, 95 үй. үй мекенжайы бойынша өтеді.сылқа Zoom: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=990705153601>

Кездесу идентификаторы: 990-705-153-601

Әсер ету аумағы:

43°26'22.58»С, 74°74'12.13»В
43°26'17.19»С, 74°74'11.77»В
43°26'17.19»С, 74°74'20.61»В
43°26'22.84»С, 74°74'20.07»В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган және адамның байланыс деректері - «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»КММ. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы upr.taraz@zhambyl.gov.kz сондай-ақ Ресми сайт <https://ecorportal.kz> /жоба бойынша құжаттама <https://ecorportal.kz/> Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ. БСН: 060240005523, мекенжайы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а.о., Қордай а., Өтеген к-сі 121б. телефон нөмірі 8-726-364-9280. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және кантәкілік деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел. 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru